

## Жанды жадыратқан ән кеші

Өткен бейсенбі, 21 мамыр күні кешкісін өнерсүйер екібастұздық қауым «Өнердің» үлкен залына жиналды. Ән десе елітетін, әзіл десе ішкен асын жерге қоятын бұл жұртты «Атамұра» өзінің көңілді ән кешіне шақырды.

Замандастардың жарасымды әзілімен басалған кеш «Атамұра» шақырады» деп аталды. Құралайдың салқынынан жаураған жұрттың жанын ағайынды Марат, Ербол, Ертіс, Төлеген Ахаевтар, Дүйсенбек Ибадуллин, Жомарт Қабыкенов, Қанат Шілтібаев, Ибрагим Туртулов, Гүлмира Алданова, Света Ахаева, Ерболат Илеубаев сынды қаламызға белгілі әншілер сырлы сезімге толы әндерімен жадыратты. Көрермен көзайы-

мына айналған «Жан-Сері» дуэті жергілікті ақын Алмагүл Жүгінісованың «Арман-елік» әнін шалықтата шырқады. Ұлттық орталықтың директоры Александр Верещак орындаған халық әні «Ойкөк», Жомарт Қабыкенов шырқаған авторлық «Атамұра» әні (сөзі Ж.Сәдуақасовтікі), Дүйсенбек Ибадуллин салған «Туған жер» тыңдарманның құлақ құрышын қандырды.

Бұл кеште «Атамұра» орталығы «Өнер» сахнасына жаңа есімдерді ала шықты. Аккордеонның құлағында ойнайтын Елжанат Қадырбекті екібастұздықтардың көргені осы. Қаламызға жақында ғана көшіп келіпті. Атамекенге 2007 жылы Қытай елінен қоныс аударған Елжанат - кәсіби музыкант. Саусақтары аккордеон түймелерінде көз ілеспес жылдамдықпен ойнақтап, сазды әуенді күйкылжыта төгеді-ай кеп. Құдіретті музыка жүрек қылын шертіп, жанды тербейді. Биге лайықталған сұлу саз бойынды шымырлатады... Екібастұздың үлкен сахнасына алғаш шыққан Елжанаттың «Тангосы» осындай әсер қалдырды.

Қасиетті кара домбыраны күмбірлете, тынысы кең ашық даусымен елді елең еткізген Өмірбек Қыстаубаев болды. Бұған дейін шағын сахналарда эстрадалық әндер ай-

тып ауызданған жас әнші бұл жолы көрерменге Мәдидің «Қарқаралысын» тарту етті. Сөйтіп, өзінің дәстүрлі әндерді орындауға талабы зор екендігін танытты.

Ал «Ауылым» әнін орындаған Нұрлан Қыдырханов пен «Қос қарлығаш» әнін әуелеткен Болатбек Наурызбаевтар - «Атамұраның» өнерге баулып, қанаттандырып жүрген бел балалары. Екеуінің сахна мәдениетін меңгерудегі аяқ алыстары жаман емес.

Кешті Архат Илеубаев, Жомарт Қабыкенов және Әсел Жақсыбай жүргізді. Алдыңғы екеуі Екібастұзға жақсы таныс, өнерімен өрге өрлеген азаматтар болса, Әселдің назды көркем дауысын «Өнерден» ел алғаш естіді. Оны да жоғарыда атаған жаңа есімдер қатарына жатқызсақ болар. Дегенмен «Өнерден» деп бөлек айтуымыздың себебі бар: мамандығы журналист Әсел осыған дейін облыстық радиода еңбек еткен. Әселдің де біздің қаламызға келгеніне екі-ақ айдың жүзі болған екен. Келе ол көмірлі қаладағы халықтық өнердің ұйытқысы болып отырған «Атамұра» ұлттық орталығына жұмысқа сұранған. Поэзияны жанына жақын еткен Әсел Қарасор ауылдық клубына мәдени қызметкер болып орналасты. Бұл кеште Әсел жалынды ақын Мұхтар Шахановтың «Жігерлендіру» өлеңін оқыды. Оның жанға жағымды нақышты даусы залдағы көрерменді баурап алды.

Осы концертте екі жаңа үштіктің тұсауы кесілді. Бірі - «Қыран» триосы. Оны Бадыхан Сұңқарбеков, Арман Шүкіров, Ербол Ахаев сынды жас әншілер құраған. Екіншісі - «Арнау» тобы. Оның құрамында күміс көмей әнші Гүлмира Алданова, Дана Бәйдеко-



Елжанат Қадырбек

ва, Мәлдір Набиулина бар. Топтың құрылуына ұйытқы болған Гүлмира Алданова. Онымен бірге ол өзінің қос құлыншағы Алматы пен Алмасты да ән өнеріне баулуда. Олар концертте Әбдіреєвтер жанұялық ансамблі болып өнер көрсетті.

Концерт соңында отшашу ойнап, қалалықтар көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне тарасты. Көпшіліктің аузынан «Шіркін, мұндай концерттер жиі болса» дегенді көп естідік. «Құны 1000-1500 теңге тұратын Алматының әншілерінен несі кем?!» дескендер де болды. Шын мәнінде, солай. Билет құнын кез келген екібастұздықтың қалтасы көтеретіндей белгілеп, жиналған жұрттың көңілінен шыққан «атамұралықтар» бұл кештен алғыс аркалап қайтты.

Айнұр ЗАЙЫРГЕЛДІ



Жомарт Қабыкенов